Әділет

# САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАП АҚТАЛҒАН АДАМДАРДЫ КУӘЛІКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 22 қазандағы N 1055 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 184 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.04.2015 № 184 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Жаппай саяси ағын-сүргін құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу туралы" 1993 жылғы 14 сәуірдегі қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ақталған азаматтардың жеңілдікпен пайдалану құқы туралы куәліктің осыған қосылған үлгісі бекітілсін.

2. "Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабында көзделген жеңілдіктермен пайдалану құқы бар азаматтарға аудандар мен қалалардың атқарушы органдары ақтау туралы анықтаманың немесе сот анықтауының (қаулысының) көшірмесі негізінде жеңілдікпен пайдалану құқы туралы бірыңғай үлгідегі куәлік береді деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі ақталған азаматты осы қаулымен бекітілген үлгіге сәйкес жеңілдікпен пайдалану құқы туралы куәліктің бланкілері облыс әкімдерінің өтінімдері бойынша, республикалық бюджеттің осы мақсатқа көзделген қаржысы есебінен жасалуын қамтамасыз етсін.

*Қазақстан Республикасының Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 22 қазандағы
N 1055 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Ақталған азаматтың жеңілдікпен пайдалану құқы туралы куәліктің үлгісі

Куәліктің сырт жағы

Қазақстан Республикасының

Елтаңбасы

Ақталған азаматтың жеңілдікпен пайдалану құқы туралы

КУӘЛІК

Куәліктің ішкі жағы

_____________________________________ Куәлікті ұсынушы адамның
(куәлікті берген мекеме - "Жаппай саяси қуғын-сүргін
_____________________________________ құрбандарын ақтау туралы"
учреждение, выдавшее удостоверение) Қазақстан Республикасының
----------------------------------- Заң мен белгіленген
КУӘЛІК жеңілдіктер мен
артықшылықтарды пайдалану
сериясы_____N_____ құқы бар.
серия Куәлік мерзімсіз және
УДОСТОВЕРЕНИЕ Қазақстан Республикасының
---- --------------------------- бүкіл аумағында қолданылады.
фото (фамилиясы-фамилия) Берілген уақыты
----- -------------------------- 199__ж. "____" ____________
(аты - имя) М.О.______________________
--------------------------- (мекеме басшысының қолы)
(әкесінің аты-отчество) Предъявитель удостоверения
М.О. имеет право на льготы и пре-
М.П.----------------------------- имущества, установленные
(өз қолы-личная подпись) Законом Республики Казахстан
"О реабилитации жертв массовых
политических репрессий"
Удостоверение бессрочное и
действует на всей территории
Дата выдачи
"____"_______________199___г.
М.П.

__________________________
(подпись руководителя учреждения)

Ақталған азаматтың жеңілдікпен пайдалану құқы туралы куәліктің сипаттамасы

Мөлшері 7x10 см куәлік бланкісі лидериннен немесе полихлорвинилден жасалады. Сырт жағында Қазақстан Республикасының Елтаңбасы және " Ақталған азаматтың жеңілдікпен пайдалану құқы туралы (биіктігі 0,3 см) куәлік ( биіктігі 0,5 см)" деп қазақ және орыс тілінде бояумен түзілген жазу бар.

Бланктің ішкі жақтарында қазақ және орыс тілдерінде баспаханалық тәсілмен түзілген жазулар бар.

Куәліктің нөмірі мен сериясы баспаханалық тәсілмен басылған.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК